



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции
«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference
“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT
OF A NEW REALITY”**

НҰР-СҰЛТАН 2021

УДК 657.6
ББК 65.053
С23

С23 Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

ISBN 978-601-337-598-4

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

ISBN 978-601-337-598-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2021

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕ СӘЙКЕСТІК АУДИТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕМЕСІ

Даменова А.Ж.

Магистрант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы)
e-mail: damenova08@mail.ru

Карыбаев А.А.

«Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС
Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп Комитеті
(Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы), э.ф.к.
e-mail: anuar30@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада автор мемлекеттік аудит объектілерінде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларының сақталуын бақылау мақсатында жүргізілетін мемлекеттік мекемелерде сәйкестік аудитін жүзеге асыруды ұйымдастырудың талаптары мен кейбір ерекшеліктерін, сонымен қатар квазимемлекеттік сектор субъектілерінің іске асырылуы үшін қабылданған актілерді қарастырды.

Аннотация. В данной статье автором рассмотрены требования и некоторые особенности организации осуществления аудита соответствия в государственных учреждениях, проводимого с целью контроля соблюдения объектом государственного аудита норм законодательства Республики Казахстан, а также актов субъектов квазигосударственного сектора, принятых для их реализации.

Abstract. In this article, the author considers the requirements and some features of the organization of compliance audit in state institutions, carried out in order to control the compliance of the object of governmental audit with the norms of the legislation of the Republic of Kazakhstan, as well as acts of the subjects of the quasi-public sector adopted for their implementation.

Кілт сөздер: мемлекеттік аудит, сәйкестік аудиті, қаржылық бақылау, мемлекеттік бюджет, Есеп комитеті.

Қазіргі таңда қоғамдағы бірде-бір процесті жеке, шектеулі түрде қарастыруға болмайды, өйткені әлемдік жаһандану қоғамдық өмір мен қызметтің барлық салаларын сөзсіз жаһандандырады. Әлемдік жаһанданудың теріс те, оң салдары да осы процеске қатысты түбегейлі қарама-қайшы көзқарастарына қарамастан, қазіргі таңда оған балама жоқ екенін атап өткен жөн. Осылайша, әлемдік экономика қауіп-қатер мен озық тәжірибелерінің кең алмасуының жаңа мүмкіндіктері арасында теңгерімдей отырып, өзінің дамуында сапалы жаңа кезеңді бастан кешуде.

Біліктілік, сенімділік, айқындық, тәуелсіздік, кәсіби этика және т.б. сияқты ұғымдар заңдарды қабылдау процесінде, ішінара халықаралық

экономикалық интеграцияның арқасында экономика саласындағы стандарттарды әзірлеуде негізгі қағидаттарға айналды.

Біздің еліміз экономика эволюциясы процесінде сенімді қадам жасағанын айта кету керек. Соңғы он жыл ішінде Қазақстан Республикасының экономикасы «Қазақстан-2050» Стратегиясы» саяси бағытының тұжырымдамаларын іске қосу нәтижесінде әлемдік экономикаға жоспарлы және толық ауқымды интеграциялануда, бұл оның жекелеген сегменттеріне оң әсер етеді.

Экономикасы дамыған елдердегі тәуелсіз бақылаудың басым нысаны бюрократиялық жүйенің емес, қоғамның мүдделерін білдіретін мемлекеттік аудит болып табылады. Қазіргі қолданыстағы мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің заңнамалық және әдіснамалық базасын жақсарту елдегі мемлекеттік ықпал ету, мемлекеттік бақылау тетіктерін күшейтудің шұғыл қажеттілігінен туындап отырғаны анық.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 634 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасы Лима декларациясының басым қағидаттарына және Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес келетін мемлекеттік аудит базасын құруға бағытталған. Өйткені, жаһандану процесінде біздің еліміздің экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен транспаренттілігін қамтамасыз етудің шарттарының бірі - халықаралық стандарттарға сәйкестігі болып табылатыны анық.

Аудиттің нормативтік талаптарын анықтайтын бірыңғай іргелі, негізгі ережелері бар. Әлем елдері өкілдігінің тізімін кеңейткен (қазіргі таңда ұйым қатарына 180-нен астам ел кіреді) жетекші елдердің озық тәжірибелерімен алмасу нәтижесінде мемлекеттік сектордағы аудиттің тәсілдері, әдістері мен қағидаттарын біріктіретін жоғары аудит органдарының (INTOSAI) халықаралық стандарттарын шығарады. Бұл стандартта мемлекеттік аудитте жүзеге асырылатын барлық негізгі қағидаларды көрсетілді. Өз кезегінде Қазақстан Республикасының Есеп комитеті 2000 жылдың мамыр айында осы ұйымның бір бөлігіне айналды.

Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметіндегі біркелкіленген ұғымдарды, ережелер мен тәсілдерді өзектендіру шамамен 1970-1980 жылдары елден тыс шығатын корпорациялардың дамуына байланысты басталды. Алайда, Қазақстандағы мемлекеттік аудит институтының тарихы мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасын әзірлеуден бастап, Тұңғыш Президенттің 2015 жылғы 12 қарашадағы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңға қол қойғанға дейінгі кезеңде басталады. Тұжырымдама мемлекеттің бақылау қызметінде тұтастық пен жүйеліліктің жоқтығын көрсетеді, өйткені кейбір нысандар бірнеше рет тексерілсе, акционерлік қоғамдар мен ірі компаниялар аз бақыланады.

Аудиторлық қорытынды мемлекеттік секторда шешімдер қабылдаудың негізі болып табылады. Өз кезегінде аудиторлық қорытынды жеткілікті және нақты дәлелдемелерге негізделген ақпаратқа ие.

Заңда бұзушылықтар қаржылық және процедуралық болып бөлінеді. Басқаша айтқанда-мемлекеттік қаражатты негізсіз, орынсыз жұмсауға әкелетін және керісінше. Бұл жерде бұзушылықтарға ден қою жөніндегі шара ретінде мемлекеттік қаржылық бақылау әрекет етеді.

Қаржылық бұзушылықтар анықталған жағдайда Есеп комитеті бюджет қаражатын, материалдық ресурстарды өтеуді талап ете отырып, әкімшілік немесе қылмыстық іс қозғау үшін материалдарды беруге құқылы.

Процедуралық бұзушылықтар, әдетте, нормативтік құқықтық актілердің болмауымен байланысты, яғни бюджет жұмсалып, Министрдің тиісті бұйрығы болмаған, ережелер қабылданбаған және Үкімет қаулысына өзгерістер енгізілмеген жағдайлар.

Есеп комитетінің 2020 жылғы есебінің қорытындысы бойынша 200-ден астам әкімшілік бұзушылықтар бойынша іс анықталып, қылмыстық іс қозғау үшін бірнеше материалдар берілген болатын. Атап айта кету керек, аталған жұмыс Бас прокуратура және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органдарымен бірлесіп жүргізілуде.

Мемлекеттік сектордағы аудиттің маңызды аспектісі Бірінші басшылардың жауапкершілігін күшейту болып табылады, соған сәйкес әкімшілік бұзушылықтар туралы Кодекске тиісті норма енгізілген болатын.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті, өңірлердегі тексеру комиссиялары, жергілікті жерлердегі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің бөлімшелері, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесін қалыптастырады. Басқаша айтқанда, комитет ақшалай қаражатты ғана емес, мемлекеттік объектілерді, ғимараттарды, жабдықтарды, жер қойнауын қамтитын активтердің барлық мемлекеттік ресурстарын жұмсау тиімділігін тексереді.

2015 жылы Заңның қабылдануымен есеп комитетінің функциялары едәуір кеңейтілді. Бүгінгі күні комитет мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын тексереді. Сәйкестік аудиті Республикалық бюджеттен, Ұлттық қордан жалпыұлттық міндетті шешуге бағытталған қандай да бір бағдарламаға бағытталған қаражатты пайдаланудың негізділігіне, тиімділігіне және орындылығына қатысты жүргізіледі.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті Мемлекет басшысының тапсырмасын орындай отырып, халықаралық стандарттарды енгізіп, өз жұмысында бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігіне баса назар аударды. Парламент пен Үкіметтің бірлескен жұмысы бюджет тәртібін нығайтты. Соңғы жылдары комитет қызметі алдын алу шараларына, функционалдық, әдіснамалық және ұйымдастырушылық кемшіліктерді анықтауға көбірек бағытталған. Осыдан кейін осы бұзушылықтарды жою бойынша ұсыныстар жасалады. Осылайша, мемлекеттік органның тиімді қызметі құрылады. Есеп комитеті бюджеттің жоспарлануын және оның орындалуын бақылайды, мемлекеттік қаражатты, ұлттық

ресурстарды пайдалану бойынша қойылған мақсаттарға қол жеткізу тұрғысынан жұмыс жүргізеді.

Тексеру комиссиясы Сыртқы мемлекеттік аудиттің тәуелсіз органы болып табылады. Есеп комитетінің төрағасы Заңға сәйкес барлық аудит органдарының үйлестіру кеңесінің басшысы болып табылатындықтан, ол Есеп комитетінің өкілдерімен тығыз байланыста болады. Сондай-ақ, заң бойынша комитет тексеру комиссиясының қызметіне әдіснамалық басшылық жасауды жүзеге асырып, оқу тұрғысынан жәрдемдеседі.

2018 жылдан бастап заңдардың әртүрлі оқылуы мен мәні бойынша біркелкі заңдардың түсіндірілуін болдырмау мақсатында тексеру комиссиялары үшін бірыңғай әдіснамалық база құру бойынша жұмыстар жоспарлы түрде жүзеге асырылуда.

Есеп комитеті өзінің алдына жалпыұлттық мақсаттарға қол жеткізуді басты стратегиялық міндет етіп қояды. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңның қабылдануы (осы ұғымдарды қатаң түрде шектеген) бастапқы нүктесі болған Комитеттің қызметін жетілдіру, ең алдымен, мемлекеттік аудит саласындағы трендтерге сәйкес келуінің ұмтылуымен байланысты.

Экономикасы дамыған елдердің тәжірибесін ескере отырып, мемлекеттік аудит стандарттарына қосылған жаңа енгізілімдердің нәтижесінде алдын алу шаралары, яғни мемлекеттік бюджетті, активтерді жоспарлау, қалыптастыру сатысында Қазақстан Үкіметіне, министрліктерге, ведомстволарға ұсынымдар әзірлеу басым болды.

Қазіргі таңда мемлекеттік мекемелерде аудиттеуге бюджеттік ақша қаражаты ғана емес, мемлекеттік жоспарлау құжаттары да жатады: мемлекеттік, салалық бағдарламалар, министрліктердің стратегиялық жоспарлары, мемлекеттің активтері (мүлкі), Ұлттық банк, Ұлттық қор.

Мемлекеттік мекеменің қандай да бір салаға қатысуы қаншалықты тиімді болса, осы саладағы бағдарламаларды іске асыруға бағытталған қаражат соншалықты орынды пайдаланылады. Мемлекеттік сектордағы аудиттің басты міндеттерінің бірі – жалпыұлттық мақсаттарға қол жеткізу екенін тағы да қайталап өткеніміз жөн. Өйткені бюджет ұлттық стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудің ең басты құралы болып табылады.

Мемлекеттік экономикалық жоспарлау жүйесіндегі құжаттар «Қазақстан-2050» Стратегиясы» саяси курсында баяндалған мақсаттар мен міндеттерді бейнелейді, осыған байланысты қазіргі аудитордың алдында стратегиялық және жалпыұлттық мақсаттарға қол жеткізуді жүзеге асыруға деген мемлекеттік бюджетті жұмсаудың орындылығы мен тиімділігін қарастыру міндеті тұр.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің төрайымы Наталья Годунова берген сұхбаттарының бірінде мемлекеттік бюджет басқарушыларының соңғы 10-15 жылдағы қаржылық тәртібінің айтарлықтай жақсарғанын, жоспарланған шығыстарды талдау тұрғысында алдын алу шараларының оң қызметтерін атап өткен болатын. Сонымен қатар, бюджеттің жұмсалудың алдын-ала қарау нәтижесінде

республикалық резервте жүздеген миллиард теңге бар, оларды мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруға неғұрлым нәтижелі әрі орынды жұмсауға болады.

Қазақстан Республикасы Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің 2020 жылғы қызметінің қорытындыларын ұсынған ақпаратында көрсетілген статистикалық деректерге сәйкес ҚР-дағы сәйкестік аудиті бойынша жалпы қамту 1 029 млрд.тг. (2 177 бірл.) құрады. Оның ішінде қаржылық бұзушылықтардың үлесіне 251,3 млрд.тг. келеді. 236,7 млрд.тг. көлеміндегі бұзушылықтар жойылды, бұл 94,2% құрайды [1].

Қазіргі уақытта негізгі нормативтік актіге, «мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, аудит әлемнің көптеген елдерінде қолданылатын халықаралық аудит стандарттарының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласында осы салаға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін органдардың өкілеттіктері мен қызметін ұйымдастыруды анықтайтын нормативтік-құқықтық реттеу жүйесінің бірінші деңгейі қалыптасты.

Мемлекеттік сектордағы аудиторлық іс-шараларға қатысушылар үшін екінші деңгейі ретінде бірыңғай ережелер мен реттеу жүйесі бекітілген халықаралық және ішкі стандарттар табылады.

Осы Заң негізінде қазақстандық аудиторлық қызметтерді әлемдік экономикаға интеграциялаудың қажетті және маңызды шарты болып табылатын кейбір өзгерістер де енгізілді. Сонымен, «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі» веб-сайтында берілген ресми мәліметтерге сәйкес, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 8-бабы 2-тармағының 2 тармақшасына сәйкес, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті сыртқы мемлекеттік аудиттің процессуалдық стандарттарына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдады. Осы қосымшаға сәйкес, аудиттің ұйымдастырылуы мен сапасын бақылауды жоғары аудиторлық ұйымдардың халықаралық стандарттарының (INTOSAI - аудиторлық қызмет жөніндегі нұсқаулықтың Лима декларациясының тұжырымдамасы) қолайлы ережелеріне сәйкестендіру туралы шешім қабылданды[2].

Мемлекеттік аудиттің әлемдік практикасында кеңінен қолданылатын ISSAI 100 «Мемлекеттік сектор аудитінің негізгі қағидалары» халықаралық стандарттары мемлекеттік аудиттің үш негізгі формасын ұсынады:

- 1) қаржылық аудит;
- 2) тиімділік аудиті;
- 3) сәйкестік аудиті.

Тиімділік аудиті мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор объектілері қызметінің тиімділігін, үнемділігі мен нәтижелілігін зерделеу және талдауға бағытталған.

Қаржылық аудит қаржылық есептілікті зерделеуді және талдауды білдіреді.

Шын мәнінде, осы мақаланың шеңберіндегі ғылыми зерттеудің нысаны - үшінші нысаны - сәйкестік аудитіне дәл келеді.

Сәйкестік аудитінің кейбір қағидаттарының қаржылық және нәтижелік аудиттің принциптерімен ұқсастығына қарамастан, бірінші түрі аудиттің сәл өзгеше, бөлек түрі болып табылады. Мемлекеттік мекемелердегі сәйкестік аудиті қаржылық аудитпен салыстырғанда кең ауқымды мәселелерді қамтитынын атап өткен жөн[3].

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабына сәйкес сәйкестік аудитіне мынадай анықтама беріледі: сәйкестік аудиті- бұл мемлекеттік аудит объектісінің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің оларды іске асыру үшін қабылданған актілерін сақтауын бағалау, тексеру деп түсіндіріледі [4].

Сәйкестік аудитінің қағидаттары ISSAI 400-де реттеледі, ол халықаралық стандарт болып табылады және ISSAI 100-де негізгі ұғымдарын дамытады. ISSAI 400 мәліметтері бойынша сәйкестік аудитіне үш тарап қатысады: жауапты тарап, аудитор және ақпаратты пайдаланушы.

Жауапты тарап - мемлекеттік бюджетті басқаруға, аудиттің мәні үшін жауапты лауазымды адамдар мен мемлекеттік органдар. Аудитордың мақсаты жеткілікті және қолайлы дәлелдер болған кезде тақырыпты тиісті критерийлер бойынша тікелей бағалау. Сонымен, пайдаланушы - заң шығарушы немесе реттеуші орган, сәйкестік аудиті туралы есеп ұсынылатын адам.

Қаржылық-экономикалық негіздеме мен бюджеттік инвестициялардың болжамды құнын түзетуге байланысты шығыстардың аудитін, басқаша айтқанда, сәйкестік аудитін ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді. Сонымен қатар, уәкілетті орган республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражаттың пайдаланылуын бағалайды.

Мемлекеттік аудиттің мақсаты - мемлекеттік бюджетті пайдаланудың тиімділігі мен орындылығын бақылау. Сонымен қатар болашақта құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ұсыныстар әзірлеу. Жалпы, мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау арасындағы негізгі айырмашылықтар олардың мақсаттары мен міндеттері болып табылады. Егер бірінші жағдайда нормативті бұзушылықтарға әкелген себептерді зерттеу міндеті қойылса, онда қаржылық бақылаудың мақсаты осы бұзушылықтарды анықтау болып табылады. Тұрақты жұмыс істейтін мемлекеттік аудиттің жоғарғы органы - Есеп комитетінің объектісі министрлік және жергілікті атқарушы органдар болып табылады. Есеп комитетінің төрағасы, оның орынбасары, аудиторлар, Есеп комитетінің аппараты мемлекеттік аудиттің субъектілері болып табылады. Бағыты - сыртқы мемлекеттік аудит (бақылау). Мемлекеттік мекемелердегі аудиттің негізгі қағидаларына келетін болсақ, оларға заңдылық, тәуелсіздік, ашықтық, объективтілік, тиімділік жатады.

Халықаралық стандарттағы сәйкестік аудитінің негізгі міндеті мақсатты пайдаланушыларға мемлекеттік органның заң шығарушы органдардың шешімдеріне сәйкестігі (немесе сәйкес еместігі) туралы ақпарат беру ретінде анықталады.

Әдетте, сәйкестік аудиті үш жағдайда жүзеге асырылады:

- 1) жеке аудит ретінде;
- 2) қаржылық аудитке байланысты;
- 3) тиімділік аудитімен үйлеседі.

Сыртқы мемлекеттік аудиттің мақсаттары, міндеттері, индикаторлары, сондай-ақ сыртқы мемлекеттік аудит органдары жүзеге асыратын сәйкестік процедураларын анықтайтын сәйкестік аудитін жүргізуге арналған қаржылық бақылаудың процедуралық стандарты бар.

Сәйкестік аудиті кезінде аудиторлық іс-әрекеттің ерекшеліктері осы процедуралық стандартта көрсетілген. Құжат ISSAI Халықаралық стандарттарының қолайлы ережелері негізінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес дайындалды.

Сәйкестік аудитінің мақсаттары мен міндеттеріне сүйене отырып, аудиттің бұл түрі тәуелсіз түрде де жүргізілуі мүмкін, сонымен қатар тиімділік аудиті мен қаржылық есептілік аудитінің бөлігі бола алады.

Мемлекеттік мекемелердегі сәйкестік аудиті барысында қаржылық операцияларға талдау жасалады, оның негізінде бюджет қаражаттарының түсімдері мен шығыстарының заңдылығы және мемлекет активтері мен квазимемлекеттік субъектілердің пайдаланылуы қолданыстағы заңнамаға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішкі заңнамалық актілеріне сәйкестігін ескере отырып анықталады.

Мемлекеттік қаражаттарды, мемлекеттік активтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерін басқару процесінде тиімді және орынды басқарудың жалпыға бірдей қабылданған, бірыңғай принциптері, кәсіби және этикалық мінез-құлық стандарттары бар. Сәйкестік аудитін бағалауға жоғарыда аталған қағидалар жатады.

Сәйкестік аудитінде бағалаудың алғышарты, егер ол аудитордың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткілікті дәлелдерге негізделген, мемлекеттік аудит объектісінің есеп беруінде кейбір ауытқулар тапса, оның пікірін дәлелді түрде білдіреді.

Мемлекеттік аудитордың қажетті сапаларының болу шартына назар аударсақ, оларды сыртқы мемлекеттік аудит органдарының лауазымды адамдары анықтайды, олар мемлекеттік мекемедегі белгілі бір аудиторлық іс-шараға нақты жауап береді. Атап айтқанда, мемлекеттік аудитор аудиторлық келісімдерді орындау үшін тиісті білім мен дағдыларға ие болуы және осындай күрделі аудит жүргізуге тәжірибесі болуы керек. Сонымен қатар, скептицизм мен кәсіби пікірді қолдану қабілетіне ие болу керек, бұл тиісті салалық білімнің болуына да байланысты.

Сәйкестік аудитінің кезеңдеріне қатысты рәсімдік стандарт оларды келесідей жіктейді:

1) мемлекеттік аудит объектілерін алдын-ала зерделеуді және аудиторлық жоспарды, аудиторлық бағдарламаны, аудиторлық келісім мен бұйрықтарды дайындауды қамтитын жеке мемлекеттік аудитті жоспарлау;

2) аудиторлық іс-шараны жүргізудің, Аудиторлық есептерді, Аудиторлық есептерді құрудың және орындаудың ұйымдастырушылық негіздерін қамтитын жеке мемлекеттік аудит жүргізу;

3) аудиторлық есепте, қорытындыда қамтылған ұсыныстардың орындалуын бақылау [5].

Сәйкестік аудитінің негізгі аспектісі бағалау, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектісі болып табылатын сол немесе басқа мемлекеттік институттың заңнаманың нормалары мен стандарттарына сәйкестігін тексеруі болып табылады.

Қорытындылай келе, гуманизм, бостандық, демократия дәстүрлерін дұрыс насихаттау идеялары дамыған сайын мемлекеттің құрылымы мен басқару идеясы да өзгертінін атап өткен жөн. Жалпы елдің санасының өзгеруімен қатар айналамыздағы барлық процесс те өзгеріске ұшырайды. Қазақстандық қоғам халықтан алынатын салықтармен толтырылған мемлекеттік қазына бюджеті қандай мақсаттарға, қаншалықты тиімді және үнемді жұмсалатындығы туралы сенімді, заңды ақпарат алуға құқылы. Яғни, адам мен мемлекет арасындағы қатынастар жүйесінде өзгеріс бар. Бұл жерде жетекші элемент, басты тетік - бюджеттік ресурстарды мемлекеттік басқарудың құралы ретіндегі мемлекеттік аудит болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті [Электрондық ресурс] <https://www.gov.kz/memleket/entities/kvga/press/article/details/39286?directionId=89&lang=ru>.

2. «Әділет» АҚЖ [Электрондық ресурс] <http://adilet.zan.kz/rus>.

3. Сәйкестік аудитінің негізгі қағидалары [Электрондық ресурс] <https://www.eurosai.org/handle404?exporturi=/export/sites/eurosai/.content/documents/others/ISSAI/ISSAI-400-ruso.pdf>.

4. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V [Электрондық ресурс] <https://online.zakon.kz>.

5. Сыртқы мемлекеттік аудиттің рәсімдік стандарты [Электрондық ресурс] <https://online.zakon.kz>.

THE CURRENT STATE OF THE ASSESSMENT OF OBJECTS OF GOVERNMENTAL AUDIT IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE POSSIBILITY OF APPLYING ADVANCED EXPERIENCE